

«Балаларға қосымша білім беру
бойынша қосымша білім беру
ұйымдарына құжаттарды қабылдау
және оқуға қабылдау»
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына қосымша

"Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда-ҚР Білім және ғылым министрінің 2022.03.01 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығы; ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022.09.01 № 387 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен өзгерту енгізілді.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары, жалпы орта білім беру ұйымдары.
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары, жалпы орта білім беру ұйымдары.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау:1) құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап-30 (отыз) минут;2) Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 (он бес) минут;3) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут.Балаларға арналған музыкалық, балалар көркемсурет мектептерін, Балалар өнер мектептерін және көркемдік-эстетикалық бағыттағы мектептерді қоспағанда, оларға қосымша білім беру жөніндегі қосымша білім беру ұйымдарына қабылдау бос орындар болған кезде жүргізіледі. Бұл ретте, Мемлекеттік корпорация қызметкерінің құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге жолдауы және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жеткізуі әрбір тарап үшін 1 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Балалардың музыкалық, балалар көркемсурет мектептеріне және балалар өнер мектептеріне, көркемдік-эстетикалық бағыттағы мектептерге қабылдау әңгімелесу қорытындысы бойынша жүргізіледі.

4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	. Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдау туралы қолхат беру және қосымша білім беру ұйымына қабылдау кезінде – қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі. мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге қағаз жеткізгіште жүгінген кезде нәтиже қағаз жеткізгіште ресімделеді.

6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Ақылы / Тегін. Балаларға қосымша білім бергені үшін ақы төлеу оларды ақылы негізде қосымша білім беретін ұйымдарға қабылдау фактісі бойынша жүргізіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші: көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін; Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін жүзеге асырылады; 2) Мемлекеттік корпорация: еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі мен мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден сенбіге дейін қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін; Қабылдау "электрондық" кезек тәртібімен, кәмелетке толмаған баланың тұрғылықты жері бойынша, жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы "брондауға" болады; Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	Көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға:1) ата-аналардың бірінің (немесе өзге де заңды өкілдердің) стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;2) баланың жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 027/ен нысаны бойынша медициналық анықтама (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген); 4) Стандарттың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша «Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімі.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйектілігін анықтау; 2) қосымша білім беру ұйымының жинақтау топтарының немесе топтарды қалыптастыру жоспарының толып кетуі; 3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімінің болмауы.

10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығынан 1414, 8 800 080 77777 нөмірі арқылы алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық жүйелері арқылы көрсетілуі мүмкін.
----	---	---

"Мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалыс беруге арналған құжаттарды қабылдау және жолдамалар беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына қосымша

1

Нысан

Басшы _____

(органның атауы)

азаматтан (азаматша) _____

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты

(болған жағдайда)

және жеке сәйкестендіру нөмірі

тұрғылықты мекенжайы:

Өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда-ҚР Оқу -ағарту министрінің 12.04.2023 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығы.

Сізден менің кәмелетке толмаған баламды

(білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні)
(мектептің №, сыныптың № және литерасын көрсету)

қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерге жолдамамен қамтамасыз етілетін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тізіміне енгізуіңізді сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

"__" _____ 20__ жыл

Қолы _____

"Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Нысан

Көрсетілетін қызметті алушыдан ұйымның (Мемлекеттік корпорацияның, балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының, жалпы орта білім беру ұйымының) құжаттарды алуы туралы қолхат

_____ (ұйымның толық атауы)

_____ (елді мекеннің, ауданның, қаланың және облыстың атауы)

Құжаттарды алу туралы қолхат № _____

_____ келесі құжаттар алынды:

_____ (қызметті алушының Т.А.Ә. (болған жағдайда))

1. Өтініш

2. Басқа _____

Өтініштің қабылданған күні _____

_____ Құжаттарды қабылдаған жауапты тұлғаның Т.А.Ә. (болған жағдайда)

_____ Телефон _____ (қолы)

Алдым: қызметті алушының Т.А.Ә. (болған жағдайда)/қолы

" ____ " _____ 20__ жыл

"Балаларға қосымша білім беру бойынша
қосымша білім беру ұйымдарына
күжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына қосымша 3

Нысан

Дербес деректерді өңдеуге келісім

Ескерту. Стандарт 3-қосымшамен толықтырылды-ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022.09.01 № 387 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығы.

Мен, _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

жеке басын куәландыратын құжат _____ № _____

(құжаттың түрі)

берілді _____

(қашан және кім берді)

тіркелген мекенжайы: _____

_____ келісімімді беремін

(кімге, ұйымды көрсету)

тіркелген мекенжайы: _____

(ұйымның мекенжайын көрсету)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді өңдеуге келісім беремін.

"__" ____ 20__ года"

подпись

ФИО